



## АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

**Каспий қоғамдық университетінің «Әділет» Жоғары құқық мектебі Сізді Юрий Григорьевич Басиннің 100 жылдық мерейтойына арналған «Қазақстандық цивилистика: қалыптасуы және дамуы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясына және «Жеке құқықтың өзекті мәселелері» атты жыл сайынғы Басин оқулары аясында студенттер мен жас ғалымдардың халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясына қатысуға шақырады.**

Юрий Григорьевич Басиннің 100 жылдық мерейтойына арналған «Қазақстандық цивилистика: қалыптасуы және дамуы» атты конференция **2023 жылдың 28 наурызында** офлайн және онлайн форматында өтеді. Басталуы Алматы қ. уақыты бойынша сағат 12:00-де.

«Жеке құқықтың өзекті мәселелері» атты жыл сайынғы Басин оқулары аясында студенттер мен жас ғалымдардың конференциясы **2023 жылдың 29 наурызында** офлайн және онлайн форматында өтеді. Басталуы Алматы қ. уақыты бойынша сағат 12:00-де.

Конференцияға сілтеме және кіру коды **2023 жылдың 25 наурызынан** кейін қосымша жіберіледі.

Конференцияның жұмыс тілдері – қазақ, орыс, ағылшын. Қатысу нысаны – **офлайн және сырттай (онлайн)**.

Конференция ұйымдастырушыларының мекен-жайы: **Каспий қоғамдық университеті (Алматы қ., Достық даңғылы 85А).**

Конференцияның өткізілу орны: **Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Достық даңғылы 85А, Каспий қоғамдық университеті (үлкен акт залы, 3 қабат).**

Конференцияның ұйымдастыру комитеті сізден **2023 жылдың 20 наурызына** дейінгі мерзімде конференция бағдарламасына енгізу үшін өз баяндамаңыздың тақырыбын және өзі туралы мәліметтерді **қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде** хабарлауыңызды сұрайды. Конференция бағдарламасына енгізу үшін – авторлар туралы мәліметтерде қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде – толық аты-жөні, жұмыс/оқу орны (ЖОО, факультет, курс), автордың ұялы және үй телефондары, электрондық пошта қамтылуы тиіс. Студенттер, магистранттар, аспиранттар және докторанттар ғылыми жетекшінің толық аты-жөнін, ғылыми дәрежесі және атағын (бар болса) көрсетуі тиіс.

Қатысушылар - *автор туралы мәліметте* міндетті түрде қатысу форматын көрсетуі тиіс:

- **тыңдаушы, ауызша баяндамасыз және ғылыми мақала жіберуіңіз;**
- **офлайн форматта ауызша баяндау және ғылыми мақаланы жіберу;**
- **ZOOM платформасында онлайн форматта ауызша баяндау және ғылыми мақаланы жіберу;**
- **баяндамасыз, тек ғылыми мақаланы жіберу.**

*Шетелдік қатысушылар баяндама/ғылыми мақала тақырыбын және өздері туралы мәліметтерді тек орыс және ағылшын тілдерінде ұсынады.*

### **Конференция аясында келесі мәселелерді қарастыру жоспарлануда:**

- азаматтық құқықтың өзекті мәселелері;
- тұрғын үй құқығының өзекті мәселелері;
- отбасы құқығының өзекті мәселелері;
- еңбек құқығының өзекті мәселелері;
- халықаралық жеке құқықтың өзекті мәселелері;
- корпоративтік құқықтың өзекті мәселелері;
- міндеттемелік құқықтың өзекті мәселелері;
- шарттық құқықтың өзекті мәселелері;
- зияткерлік меншік құқығының өзекті мәселелері;
- патенттік құқықтың өзекті мәселелері;
- салыстырмалы құқықтанудың өзекті мәселелері.

### **Қатысушылар үшін мәлімет**

Конференция жұмысына қатысу үшін ұйымдастыру комитетіне баяндама/ғылыми мақала мәтінін (талаптарға сәйкес ресімделген) электрондық пошта арқылы жіберу қажет. Мақалалар **2023 жылғы 15 мамырға дейінгі** мерзімде қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде қабылданады.

**Студенттер ғылыми жетекшінің рецензиясын, ал магистранттар мен докторанттар ғылыми жетекшінің сын-пікірін ұсынады. Рецензия немесе сын-пікірдің сканерленген түрі қатысушының баяндамасымен / ғылыми мақаласымен бірге жіберілуі тиіс.**

Конференцияға қатысу тегін. Конференция материалдары жарияланатын болады.

### **Ғылыми мақаланың рәсімделуіне келесідей талаптар қойылады:**

Мақала көлемі, аңдатпа, қайнар көздер тізімін қоса алғанда, баспа мәтіннің **12 бетінен** аспауға тиіс. **Мақаланың ең аз көлемі – 5 бет** (аңдатпаны және түйінді сөздерді қоспағанда). Мақала беттері нөмірленуі тиіс. ӘОЖ коды көрсетіледі.

Авторлар, авторлар туралы ақпарат, мақала атауы, аңдатпа және түйінді сөздер мақала жазылған тілде және орыс/қазақ және ағылшын тілдерінде көрсетіледі. **Аңдатпа** мәтіннің басында орыс, қазақ және ағылшын тілдерінде орналасуы тиіс (**міндетті түрде 8-10 жол**). Әр аңдатпа алдында тегі мен аты-жөнін, оқу орнын (ЖОО, факультет, курс), мақаланың атауын тиісті аңдатпа тілінде жазу керек. Бұдан әрі түйінді сөздер қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде аңдатпаның төменгі жағында тиісті аңдатпа тілінде жазылады.

Аннотация ғылыми мақала мазмұнын қысқаша баяндау болып табылады. **Түйінді сөздер** мақаланың мазмұнын неғұрлым толық ашуды қамтамасыз етуі керек, 5-10 түйінді сөздерді (keywords) көрсету керек.

Мәтін Word бағдарламасында терілуі тиіс. Мәтін қарпі – TimesNewRoman, қағаз пішімі А4 (210\*297 мм), кегль өлшемі – 12 пт. Жоларалық интервал – одинарлы. Ені бойынша туралау. Абзац үшін шегініс – 0,8 см. Шеттері: жоғарыдан – 2, төменнен – 2, сол жағынан – 2, оң жағынан – 2.

Мәтінге форматтаудың жасырын белгілері енгізілмеуі тиіс. Мәтін жиектемелерде, кестелерде және көрінетін немесе жасырын шекаралары бар өзге объектілерде рәсімделмеуі тиіс.

**Ғылыми мақалада кестелер, графиктер, суреттер немесе фотосуреттер болмауы керек.**

Пайдаланылған қайнар көздердің тізімі мақала мәтінінің соңында/ одан кейін орналастырылады.

Мақала мәтіндегі дереккөздерге сілтемелер тек тік жақшада беріледі (дәйексөз келтірусіз [1], дәйексөз келтіргенде және авторлық мәтінді қайта баяндағанда [1, 29 б.]).

Мәтіндегі сілтемелерді рәсімдеген кезде - тыныс белгілері (нүкте, үтір, қос нүкте, үтір және т.б.) тік жақшадан кейін қойылады. Мысалы: [1, 29 б.], немесе [2, 30 б.].

Мақаладағы сілтемелерді нөмірлеу әдебиеттер тізіміндегі (пайдаланылған қайнар көздер тізіміндегі) дереккөздің реттік нөмірі бойынша жүргізіледі. Сілтемелерді нөмірлеу мәтінде дереккөздің пайда болуына/пайдаланылуына қарай жүргізіледі (1, 2, 3, бастап ... және т.б.). Бір дереккөз бір рет нөмірленеді. Мұрағаттық материалдар тізімге енгізілмейді, оларға сілтемелер мәтінде жай жақша ішінде орналастырылады.

Мақалада электронды ресурстардан немесе интернет-ресурстардан қайнар көздер қолданылған кезде, әдебиеттер тізімінде қайнар көздің библиографиялық жазбасы және желілік ресурсқа сілтеме Интернеттегі толық желілік адресімен көрсетіледі. Ресурсқа жүгінудің мерзімі міндетті түрде көрсетілуі керек.

**МЫСАЛЫ** (библиографиялық мәліметтер шартты түрде алынған):

**Кітаптар үшін:** Авторлардың тегі және инициалдары. Кітаптың атауы. – басылымның қайталануы туралы мәліметтер. – Басылым орны: Баспа, Басылым жылы. – Кітап беттерінің жалпы саны.

*Мысалы:*

Басин Ю.Г. Азаматтық құқық бойынша таңдаулы еңбектер. – 3-ші басылым. – СПб.: 2003. – 294 б.

**Журналдардағы мақалалар үшін:** Авторлардың тегі және инициалдары. Мақаланың атауы // Басылымның атауы. (Сериясы). – Басылым жылы. – Том. – Нөмірі. – Мақала жарияланған беттер (мақаланың басынан аяғына дейін).

*Мысалы:*

Брызгалов А.И. Қазіргі кезеңдегі заң ғылымының кейбір теориялық-әдістемелік мәселелері туралы // Мемлекет және құқық. – 2004. – № 4. – 17-22 б.

**Конференция материалдары, еңбектер жинағы және т.б. үшін:** Авторлардың тегі және инициалдары. Мақаланың атауы // Басылымның атауы: Басылым түрі. – Басылым орны, жылы. – Том. – Нөмірі. – Мақала жарияланған беттер (мақаланың басынан аяғына дейін).

*Мысалы:*

Диденко А. Азаматтық құқық құқықтық болмысты қалыптастырудың қайнар көзі ретінде // Азаматтық заңнама: Мақалалар. Түсіндірмелер. Тәжірибе. – 40 шығарылым / А.Г. Диденко редакциясымен. – Алматы: Раритет, 2015. – 4-24 б.

Аманғалиева А.З. Лицензиялық шарттың құқықтық табиғаты // Қазіргі әлемдегі азаматтық құқық: ұлттық құқықтың дамуына әсері: Цивилистік оқулардың 20 жылдығына арналған мерейтойлық халықаралық ғылыми.-практ. конф. материалдары (жыл сайынғы цивилистік оқулар аясында) (Алматы, 2018 ж. 17-18 мамыр) / Жауапты ред. М.К. Сулейменов. – Алматы, 2019. – 393-402 б.

**Диссертация және диссертация авторефераты үшін:**

*Мысалы:*

Фролова Е.Е. Ақша айналымы саласындағы мемлекеттік қаржылық бақылау: заң ғылым. докт. ... дисс.: 12.00.14. – М., 2011. – 488 б.

Фролова Е.Е. Ақша айналымы саласындағы мемлекеттік қаржылық бақылау: заң ғылым. докт. ... дисс. авторефераты: 12.00.14. – М., 2011. – 54 б.

**Электрондық ресурстардан немесе Интернеттен алынған қайнар көздер үшін:**

*Мысалы:*

1. «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы № 415-ІІ Заңы (2022.30.12. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) // <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z030000415> (жүгіну күні: 12.01.2023 ж.).

2. «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» 2003 жылғы 10 желтоқсандағы № 173-ФЗ Федералдық заңы (2022.05.12. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) //

[https://www.consultant.ru/document/cons\\_doc\\_LAW\\_45458/?ysclid=lcsnp5bzh0286206615](https://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_45458/?ysclid=lcsnp5bzh0286206615)

(жүгіну күні: 12.01.2023).

3. Сулейменов М.К. Қазіргі әлемдегі Қазақстанның азаматтық құқығы: қазіргі құқықтың дамуына әсері // [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=36714219&pos=3;-88#pos=3;-88](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=36714219&pos=3;-88#pos=3;-88) (жүгіну күні: 12.01.2023).

Автор пайдаланылған қайнар көздердің тізімін ағылшын тіліне транслитерация (References) жасап, оны мақала мәтінінің соңында орналастыруға міндетті. Оны келесі сілтеме бойынша жасауға болады: <http://www.ruski-mat.net/trans2.html>

*Мысалы:*

Didenko A. Grazhdanskoye pravo kak istochnik formirovaniya pravovoy deystvitelnosti // Grazhdanskoye zakonodatelstvo: Statyi. Kommentarii. Praktika. – Вып.40 / Под ред. А.Г. Didenko. – Алматы: Raritet, 2015. – S. 4-24.

***Мақаланың схемалық үлгісі***

• ӘОЖ.

• Ортасында келтіріледі:

- Авторлардың тегі мен аты-жөні (мысалы.: И.В. Иванов, С.П. Крылов)

- Авторды ұсынатын мекеменің толық атауы (ел мен қаланы көрсете отырып). Егер авторлар әртүрлі мекемелерден болса, онда автор мен мекеме арасындағы сәйкестік жол үсті индекстерімен белгіленеді, мысалы:

И.В. Иванов<sup>1</sup>, С.П. Крылов<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Каспий қоғамдық университеті, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

<sup>2</sup>«Әділет» Жоғары құқық мектебі, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

Мақала атауы (қалың қаріппен)

• Аннотация (Аңдатпа, Abstract).

• Түйін сөздер (Ключевые слова, Keywords)

• Мақала мәтіні.

• Әдебиет (Пайдаланылған қайнар көздер тізімі).

• References (транслитерация).

• Мақаланың соңында авторлар, оқу орны (толық аты-жөні, ЖОО, факультет, курс) туралы мәліметтер үш тілде беріледі.

**Рәсімдеу мен мазмұны бойынша талаптарға сәйкес келмейтін ғылыми мақалалар жарияланбайды. Мақала өзінің негізгі мазмұны бойынша бұрын еш жерде жарияланбауы керек, конференция тақырыбына сәйкес келуі керек, өзектілігі, ғылыми жаңалығы бар болуы керек.**

**Конференцияға қатысушылардың барлық ғылыми жұмыстары шеттен алынған материалдың болуына және мағынасын өзгертпестен сөздер мен сөз тіркестерін синонимдік ауыстырумен мәтінді қолдану (парафраз), оның ішінде басқа тілден аударылған мәтінді пайдалану (шеттен алу) бар-жоғына тексеріледі.**

**Барлық ғылыми мақалалар ұйымдастыру комитетінің мүшелерімен Antiplagiat.ru бағдарламасының көмегімен плагиат бар-жоғына тексеріледі. Ғылыми мақала мәтінінің бірегейлігі кем дегенде 60% құрауы керек.**

**Мақала жазу кезінде студенттер, магистранттар және докторанттар жол бермеуі тиіс:**

- материалдарды Интернеттен дереккөздеріне сілтеме жасамай көшіру, біреудің жұмысын толықтай немесе ішінара өзіндік ретінде ұсыну және адал емес жұмыстың басқа түрлері;

- басқа біреудің мәтінін сөйлемдердегі кейбір кішігірім өзгертулермен пайдалану және оны өзіндікіндей қолдану. Сөздер әр түрлі болса да, бастапқы идея өзгеріссіз қалады және бұл плагиат;

- басқа біреудің мәтінін заңсыз алу фактісін анықтау мүмкіндігін азайту немесе болдырмау мақсатында әртүрлі техникалық құралдар мен тәсілдерді қолдану;

- автоплагиат, автордың бұрын жарияланған жұмысының едәуір бөлігін дереккөзге сілтеме жасамай қайта пайдалануы;

- деректерді қолдан жасау, деректер мен зерттеу нәтижелерін ойдан шығару.

*Студенттер, магистранттар және докторанттардың назарына!*

Ұйымдастыру комитеті үздік баяндамаларды (1, 2, 3 орын) іріктейтін болады, олар сертификаттармен және бағалы сыйлықтармен марапатталады.

Байқау қорытындысы бойынша жеңімпаздар жарияланады, оларды марапаттау Каспий қоғамдық университетінде офлайн режимде өтеді (Ғылыми кеңестің мәжіліс залы, 011 ауд.).

**Конференцияның ұйымдастыру комитеті:** ҚР ҰҒА академигі, з.ғ.д., профессор М.К. Сүлейменов, з.ғ.д., профессор А.Г. Диденко, PhD докторы Ж.М. Нусенов, з.ғ.д., профессор С.П. Мороз, з.ғ.д., профессор К.М. Ильясова, з.ғ.д., профессор Г.А. Алиханова, з.ғ.д., профессор Ф.С. Карагузов, з.ғ.д., профессор С.А. Акимбекова, з.ғ.к., «Әділет» ЖҚМ қауымдастырылған профессоры Е.В. Нестерова, з.ғ.к., «Әділет» ЖҚМ қауымдастырылған профессоры А.Р. Калимбекова, з.ғ.м., «Әділет» ЖҚМ сеньор-лекторы Н.Д. Тлешалиев, з.ғ.м., «Әділет» ЖҚМ сеньор-лекторы А.З. Аманғалиева, з.ғ.м., «Әділет» ЖҚМ сеньор-лекторы О.Т. Әлімов, з.ғ.м., «Әділет» ЖҚМ сеньор-лекторы Н.Р. Мақсатов, з.ғ.м., «Әділет» ЖҚМ сеньор-лекторы Н.С. Сүлейменов, «Әділет» ЖҚМ координаторы Д.Ә. Әбдіқадыр.

#### Үйлестірушілер:

<p><i>Юрий Григорьевич Басиннің 100 жылдық мерейтойына арналған «Қазақстандық цивилистика: қалыптасуы және дамуы» атты конференция бойынша</i></p> <p><b>Әбдіқадыр Дәуренбек Әділбекұлы</b></p> <p>+7 (708) 686-00-90</p> <p>e-mail: <a href="mailto:abdikadyr90@mail.ru">abdikadyr90@mail.ru</a></p> <p>Алматы қ., Достық д-лы 85А, каб. 215</p>	<p><i>«Жеке құқықтың өзекті мәселелері» атты жыл сайынғы Басин оқулары аясында студенттер мен жас ғалымдардың конференциясы бойынша</i></p> <p><b>Аманғалиева Айжан Зингалеевна</b></p> <p>+7 (777) 588-02-15</p> <p>e-mail: <a href="mailto:ayzhan.amangalieva@mail.ru">ayzhan.amangalieva@mail.ru</a></p> <p>Алматы қ., Достық д-лы 85А, каб. 210</p>
---	---

**Құрметпен,  
Ұйымдастыру комитеті**

«02» 02 2023г.  
№ 04.01/7017

Ұйымдарға  
(тізім бойынша)

Каспий қоғамдық университетінің «Әділет» Жоғары құқық мектебі Сізді Юрий Григорьевич Басиннің 100 жылдық мерейтойына арналған «Қазақстандық цивилистика: қалыптасуы және дамуы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясына және «Жеке құқықтың өзекті мәселелері» атты жыл сайынғы Басин оқулары аясында студенттер мен жас ғалымдардың халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясына қатысуға шақырады.

Профессор Ю.Г. Басин (1923-2004) – Қазақстанда жастарды құқықтық оқытуға, жоғары сангерлік білім беруге, сондай-ақ азаматтық құқық ғылымының қалыптасуы мен дамуына баға жетпес үлес қосқан қазақстандық цивилистиканың корифейі, ҚазКСР ғылымының еңбек сіңірген қайраткері, заң ғылымдарының докторы, профессор болып табылады.

Конференцияға ҚР Конституциялық Сотының, ҚР Жоғарғы Сотының, облыстық, қалалық және аудандық соттардың судьялары, ҚР Әділет министрлігінің, ҚР Бас Прокуратурасы мен құқық қорғау органдарының қызметкерлері, адвокаттар мен заң кеңесшілері, мемлекеттік органдардың, халықаралық және үкіметтік емес ұйымдардың, білім беру ұйымдарының өкілдері, отандық және шетелдік ғалымдар, жас ғалымдар (студенттер, магистранттар және докторанттар) шақырылды.

Юрий Григорьевич Басиннің 100 жылдық мерейтойына арналған «Қазақстандық цивилистика: қалыптасуы және дамуы» атты конференция 2023 жылдың 28 наурызында офлайн және онлайн форматында өтеді.

«Жеке құқықтың өзекті мәселелері» атты жыл сайынғы Басин оқулары аясында студенттер мен жас ғалымдардың конференциясы 2023 жылдың 29 наурызында офлайн және онлайн форматында өтеді.

Конференцияның жұмыс тілдері – қазақ, орыс, ағылшын. Қатысу нысаны – **офлайн және сырттай (онлайн)**.

Конференцияның өткізілу орны: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Достық даңғылы 85А, Каспий қоғамдық университеті (үлкен акт залы, 3 қабат).

Осыған орай, Сіз басқарып отырған ұйымның қызметкерлерін осы конференцияға қатысуға шақырамыз!

Анықтама телефоны: +7 (727) 323 10 08 (вн. 210), e-mail: [abdikadyr90@mail.ru](mailto:abdikadyr90@mail.ru)

Ақпараттық хат қазақ және орыс тілдерінде қоса жіберіледі.

Қосымша: 1 парақта.

Ректор



Ж.М. Нусенов

Орындаушы: Амангалиева А.З.  
+7 777 588 02 15

003435

## Тізім

1. А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті
2. А. Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті
3. А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты
4. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
5. Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті
6. Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
7. Академик З. Алдамжар атындағы Қостанай әлеуметтік-техникалық университеті
8. Алматы Менеджмент Университеті
9. Алматы экономика және статистика академиясы
10. Астана халықаралық университеті
11. әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті
12. Баишев Университеті
13. Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті
14. «Volashaq» академиясы
15. «Болашақ» университеті
16. Д.А. Қонаев атындағы Еуразиялық заң академиясы
17. Инновациялық Еуразия Университеті
18. КИМЭП Университеті
19. «Қайнар» Академиясы
20. Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті
21. Қазақ еңбек және әлеуметтік қатынастар Академиясы
22. Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті
23. Қазақ-Орыс Халықаралық университеті
24. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы
25. Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы
26. Қазақстан Республикасы ІІМ М. Есболатов атындағы Алматы академиясы
27. Қазақстан-Американдық еркін университеті
28. Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті
29. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
30. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті
31. ҚР ІІМ М. Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институты
32. ҚР ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы
33. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
34. М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті
35. М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті
36. М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті
37. М.С. Нәрікбаев атындағы КАЗГЮУ Университеті
38. М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті
39. Нархоз университеті
40. Орталық Азия Инновациялық университеті
41. Орталық Қазақстан академиясы
42. Ө.А. Байқоңыров атындағы Жезқазған университеті
43. Ө.А.Жолдасбеков атындағы экономика және құқық академиясы
44. С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті
45. Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті
46. Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті
47. Сулейман Демирель атындағы Университет
48. «Сырдария» университеті
49. «Тұран-Астана» университеті
50. Тұран университеті
51. Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті
52. Халықаралық бизнес университеті
53. Халықаралық білім беру корпорациясы
54. Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті
55. Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті
56. Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты
57. Шымкент университеті
58. І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті